

5. <https://nsportal.ru/shkola/inostrannye-yazyki/library/2017/01/03/statya-professionalnaya-kompetentnost-pedagoga>
6. Doc. dr Jelena Maksimović, Mr Jelena Petrović, Jelena Osmanović, Professional competencies of future pedagogues / Maksimović, Petrović, Osmanović: Professional competencies of future pedagogues
7. Maria Liakopoulou, The Professional Competence of Teachers: Which qualities, attitudes, skills and knowledge contribute to a teacher's effectiveness? / International Journal of Humanities and Social Science, Vol. 1 No. 21 [Special Issue - December 2011]
8. E.M. Tretyakova, (2015) Formation of professional competencies / formation of professional competencies of university students in the course of teaching practice
9. Rakhimov Zokir Toshtemirovich, Development of professional competence of educator / European Journal of Research and Reflection in Educational Sciences / Vol. 7 No. 10, 2019 / ISSN 20565852 /
10. Gurevich Roman Semenovych, Academy Maya Yukhimivna, Kobysya Alla Petrivna, Kobysya Volodymyr Mykhailovych, Gordiyuchuk Galina Borysivna (2021) Development of professional competence of future teachers of vocational education in the conditions of dual education using computer-oriented technologies
11. <https://izron.ru/articles/osnovnye-voprosy-teorii-i-praktiki-pedagogiki-i-psikhologii-sbornik-nauchnykh-trudov-po-itogam-mezhd/sektsiya-6-teoriya-i-metodika-professionalnogo-obrazovaniya-spetsialnost-13-00-08/o-putyakh-formirovaniya-professionalnykh-kompetentsiy-u-studentov-v-protssesse-predmetno-prakticheskoy/>
12. https://kopilkaurokov.ru/vneurochka/prochee/nauchnaia_stat_ia_rol_uchiebnoi_praktiki_v_formirovanii_professionalnykh_kompi
13. <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-professionalnykh-kompetentsiy-studentov-vuza-v-hode-pedagogicheskoy-praktiki>
14. Georgiana Dumitru, (2017) The Psycho-Pedagogical Counseling of the Future Teachers Students During Pedagogical Training Stages, ECAI 2017 - International Conference – 9th Edition Electronics, Computers and Artificial Intelligence 29 June -01 July,
15. Khodjiev Muksin Tadjievich, Rakhimov Bakhtiyor Khudoiberdievich, Eshnazarov Dilshod Azamatovich, Development of professional competence of future specialists, International scientific and practice conference on " international experience in increasing the effectiveness of distance education: problems and solutions".

ӘОЖ 373.01:574
МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2022.74.4.007>

А.Ж. Айкішева,¹ Д.К. Айдарбаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМІ МЕН МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ БАРЫСЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Экологиялық білім – бұл қоршаған орта туралы жүйелі білімді, табиғатты қорғау іс-әрекетінің дағдылары мен жалпы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған үздіксіз оқу процесі. Экологиялық білім үздіксіз берілетін процесс болуы керек. Экологиялық мәдениет адамның күнделікті тіршілігінің синонимі іспеттес, яғни қоршаған ортаға байланысты сұрақтарға рационалды, конструктивті түрде жауап беріп шешім қабылдайтын,

табиғатты қалпына келтіруде аянбай тер төгеті, нағыз үлгі тұтарлық адамның бейнесін көруге болады. Ал экологиялық мәдениеттілігі жоғары адамды мектеп қабырғасынан бастап тәрбиелеп, экологиялық сауаттылыққа баули аламыз.

Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін, сауаттылығын ойын технологиясы арқылы арттыру жайлы әдебиеттер қарастырылып, зерттеудің бірінші кезеңі бойынша нәтижелер көрсетілген. Ғасырлар бұрын қалыптасқан экологиялық жүйе адамзатқа берілген үлкен сый. Әр адамның табиғатпен қандай байланыста екенін, табиғатта қандай заңдылықтар бар екенін және адамзат бұл заңдылықтарды елемей жүруі мүмкін емес екенін түсінуі керек.

Түйін сөздер: экологиялық білім беру процесі, антропоцентризм, экологиялық қарым – қатынас, биоцентризм, экологиялық мәдениет, дидактикалық ойындар

Айкисшева А.Ж.,¹ Айдарбаева Д.К.¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ЗНАЧИМОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПОВЫШЕНИИ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И КУЛЬТУРЫ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

Экологическое образование – это непрерывный процесс обучения, направленный на формирование систематических знаний об окружающей среде, навыков природоохранной деятельности и экологической культуры в целом. Экологическое образование должно быть непрерывным процессом. Экологическая система, сложившаяся много веков назад, является огромным подарком человечеству. Экологическая образование является синонимом повседневной жизни человека, то есть можно увидеть образ истинного образца человека, который рационально, конструктивно отвечает на вопросы, связанные с окружающей средой, принимает решения, неустанно помогает в восстановлении природы. А человека с высоким экологическим образованием мы можем воспитать со школьной скамьи и приобщить к экологической грамотности.

В данной статье обсуждается литература по повышению экологической культуры, грамотности старшеклассников с помощью игровых технологий и показываются результаты первого этапа исследования.

Ключевые слова: процесс экологического образования, антропоцентризм, экологические отношения, биоцентризм, экоцентризм, экологическая культура, дидактические игры.

A.Zh. Aikisheva¹, D.K. Aidarbaeva¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF USING GAME TECHNOLOGY TO ENHANCE ENVIRONMENTAL EDUCATION AND CULTURE OF SCHOOLCHILDREN

Abstract

Environmental education is a continuous learning process, aimed at the formation of systematic knowledge about the environment, the skills of environmental protection activities and environmental culture in general. Environmental education should be a continuous process. Ecosystem, formed many centuries ago, is a huge gift to mankind. Ecological education is synonymous with the daily life of man, that is, you can see the image of a true model of man, who rationally, constructively responds to questions related to the environment, makes decisions, tirelessly sweats

in the restoration of nature. And a person with a high environmental education we can educate only from the school bench and introduce environmental literacy.

This article discusses the literature on improving environmental culture, literacy of high school students with the help of game technology and shows the results of the first phase of the study.

Keywords: the process of environmental education, anthropocentrism, environmental relations, biocentrism, ecocentrism, ecological culture, didactic games.

Кіріспе. Жер шарындағы экологиялық ахуал ХХІ ғасырдың ең өзекті проблемаларының біріне айналды. Күні бүгінге дейін адамзат баласы экологиялық сауатының төмендігінің арқасында экологияда болып жатқан апаттарға бей жай қарап келді. Кез-келген адам бойында антропогендік экологиялық апат салдарынан өзін-өзі жойып жіберу қауіпі үлкен екенін түсіндіретін биологиялық механизмі болмағандықтан апатты алдын алу шараларын ұйымдастырудың орнына, көз жұмып немқұрайлық танытады.

Елімізде 4000-ға жуық қоқыс полигондары бар, оның ішінде тек 307 полигон ғана ресми деп танылған. Бұл полигондар бойынша 5% ғана қоқыс қайта өңдеуге жіберіледі, ал қалған бөлігі өртеніп сәйкесінше атмосфераны ластап, адам өміріне үлкен қауіп туғызады [1].

Елімізде қоқыс сорттау мәдениеті өте төмен деңгейде, жоқ деп айтуға болады. Мысалы: Жеке-жеке шыны, қағаз, пластик қоқыс салатын жәшік қойылып, адамдарға түсіндірме жұмыстары жүргізілседе, олар өкінішке орай бар қоқысты жинап, бір жәшікке салады. Осы орайда ойға неліктен адамзат экологиялық маңызды проблемаларға келгенде осынша енжар? Қоғамның экологиялық білімін қалай арттырсақ болады? – деген сұрақтар туындайды.

Басқа елдердегі атап айтсақ Жапониядағы қоршаған ортаға деген құрмет бірінші орында. Жапондық мұғалімдер мен ата-аналар балаларға үздіксіз экологиялық білім беруге көп көңіл бөледі. Болашақ ұрпақтың экологиялық ахуалды жоғарғы деңгейге көтермесе де, қалыпты деңгейде ұстап тұрады деп ойлайды [2].

Бұл жерден анық байқағанымыз тәрбиенің қандай түрі болмасын барлығы тал бесіктен басталады. Білім ордаларында экологиялық білім, тәрбие, мәдениетті үздіксіз насихаттайтын болсақ, қоршаған ортаны бірінші орынға қоятын саналы ұрпақ өсіп жетілетініне сеніміміз мол.

Қоршаған ортада туындап жатқан түрлі проблемалар экологияға әсерін тигізетін түрлі шаруашылықтың дұрыс бағытта жүзеге асырылмау салдарынан туындайды. Антропоцентристік немесе технократиялық ұстанымды алға тартатын адамдар табиғат заңдары адамзаттың экономикалық өсуіне, ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресіне кедергі бола алмайды және болмауы керек деп санайды. Бұл ұстанымды саясаткерлер, экономистер, шаруа қожалық иелері, инженерлер ұстанады. Олар адам проблемасын, технологиялық ашылуларды негізгі нысанға алып, экологиялық проблемаларды ысырып қояды [3]. Сонымен қатар антропоцентристік ұстанымға қарама – қайшы ұстаным биоцентристік немесе эксцентристік ұстаным бар. Бұл ұстаным бойынша адам биологиялық түр ретінде негізгі экологиялық заңдарға бағынып, табиғатпен үндестікте болып оның шарттарын қабылдауға міндетті деген түсінікке негізделген.

Ал А.А. Шишкина Антропоцентризм мен биоцентризм ұстанымдарын ұстанатын адамдарды бөліп жармай бір мүдде үшін жұмылып әрекет ету қажет деп көрсетеді [4].

Басқада ғалымдар бұл көзқарасқа қарама-қайшы пікірлер білдірді. Мәселен А.Л. Крайнов «Бүгінгі таңда антропоцентризм ұғымын жойып тек биоцентризм ұғымын ғана қалдыру қажет деген пікір білдірді. Биоцентризм өсімдіктер, жан-жануарлар тіпті планеталар адамзаттан еш маңызы кем емес екендігін анық көрсетеді деп атап өтті [5].

Жоғарыда келтірілген еңбектерде ең басты қозғалған дүние ол адам мен қоршаған ортаның байланысы. Бірі жер шарының негізі адам деп таныса, екіншілері қоршаған орта дейді. Сайып келгенде адам қоршаған ортаның бір ғана бөлшегі екенін мойындауымыз

қажет. Ал қоршаған орта мен адамның үндестікте өмір сүруі мектеп жасынан бастап дағдыға айналуы тиіс. Адам бойындағы экологиялық білімін қалыптастыру жолдары сан алуан.

Экологиялық білімді С.Р.Гостева «Экологиялық білім – бұл қоршаған орта туралы жүйелі білімді үздіксіз беретін, табиғатты қорғау дағдыларын игеруге көмектесетін, жалпы экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған оқыту процесі» деп түсініреді [6].

Экологиялық біліммен ұштасып жатқан экологиялық мәдениет жайлы Э.В. Гирусов «Егер жалпы мәдениет материалдық және рухани құндылықтардың, сондай-ақ адам әрекетінің жиынтығы болса, Ал экологиялық мәдениет қоғамның табиғи ортамен бірлігінің ілгерілеуін қамтамасыз ету болып табылады» – деп анықтама берген [7].

Экологиялық мәдениет экологиялық білім берудің ажырамас бөлігі. Оқушылардың экологиялық мәдениетінің артуы олардың экологиялық санасының жоғарлауы, қоршаған ортаға деген немқұрайлы көзқарастан арылуға мүмкіндік береді. Сол себептен оқушылардың экологиялық сана мен табиғатты пайдалану мәдениетін қалыптастыру бойынша қарқынды ағарту жұмыстарын жүргізу қажет.

Американдық ғалымдар Duong Thi Huong, Ngo Thi Tan Huong өз еңбектерінде қоғамда экологиялық мәдениетті адамды тәрбиелеу үшін мынадай шешім жолдарын алға тартты:

1. Мектептерде білім беру мен оқыту процесінде, оқыту мазмұнын экологиялық орта туралы білімді қалыптастыру.

2. Экологиялық мәдениетті практикалық іс-әрекетке бағыттай отырып, экологиялық мәдениет туралы әр түрлі насихат жолдарын жүргізу. Насихаттың тиімділігін арттыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарының желісін қолдану керек, және насихат жүргізу барысында азаматтар мен үкімет етене байланыста болу керек.

3. Экологиялық білім, экологиялық этика және экологиялық эстетика арасындағы тығыз байланысты көрсететін экологиялық мәдени өмір салтын насихаттау өте маңызды [8].

Экологиялық мәдениет – адамның әлеуметтік-табиғи өмірдегі маңызды күштерін іске асырудың өлшемі мен тәсілі ретінде, сонымен қатар адамның рухы, санасы мен болмысының қатынастарын үйлестіретін күш.

Р.А.Сейтжанова еңбегінде Оңтүстік Қазақстан облысында бастауыш сынып оқушыларын экологиялық тәрбиелеудегі мектептің, отбасының және мектептен тыс мекемелердің рөлін зерттеді. Бұл зерттеу жұмысында бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік және экологиялық тәрбие берудің педагогикалық негіздері зерттелді [9].

Экологиялық мәдениетті оқушылардың бойында қалыптастырудың бірден бір жолы – ойын технологиясын пайдалану.

Ойын технологиясы жайында отандық ғалымдар Н.К. Ахметов, Ж.С. Хайдаров зерттеулерінде «Ойын іс-әрекеті дамудың үш негізгі деңгейіне ие: кәсіби ойын, әуесқойлық және оқу-жаттығу ойыны. Аталған ойын деңгейлерінде ұйымдастыру мен жұмыс істеудің сыртқы формалары ғана емес, сонымен қатар олардың ішкі әдістері мен тәсілдері де бар» деп қорытынды жасаған [10].

Е.И. Пассов оқыту құралы ретінде ойын іс-әрекетінің келесі ерекшеліктерін атап көрсетті: мотивацияның артуы, мәжбүрлеудің болмауы, әр оқушының іс-әрекеті жеке дара жүзеге асады, топта және топ арқылы оқыту және тәрбиелеу жүзеге асады, психикалық функциялар мен қабілеттерді дамытады. Сонымен қатар ойын іс әрекеті зейіннің, ойлаудың, қиялдың, барлық танымдық процестердің дамуына әсер етеді. Мәселен, мысалы, іскерлік ойынның педагогикалық және дидактикалық құндылығы оның қатысушыларына өздерін ашуға, белсенді позицияны үйренуге, кәсіби жарамдылығын сезінуге мүмкіндік береді [11].

Жалпы оқытуда ойын технологиясын қолдану басты мақсаттары:

- белгілі бір дағдыларды қалыптастыру және дамыту;
- қарым-қатынас жасауға үйрету;
- қажетті қабілеттер мен психикалық функцияларды дамыту;
- өткен материалды нақты есте сақтау;

Ойын тек топтық жұмыс емес. Бұл оқытудың барлық міндеттеріне жетудің негізгі әдісі, сондықтан педагог мұғалім ойын арқылы қандай дағдыны оқушы бойына дарыта алатынын нақты білу керек және оқушы не істей алмады және ойын барысында не үйренді деген сұрақтарды басты назарда ұстау қажет [12].

Жоғарыда келтірілген отандық ғалымдардың зерттеулеріне назар аударатын болсақ ғалымдардың басым бөлігі әлеуметтік-экологиялық проблемаларды теориялық жағынан зерттеуге көп көңіл бөлетінін атап өткіміз келеді. Теориялық жағынан зерттеп қана экологиялық білім мен мәдениетімізді дамыта алмаймыз. Елімізде мемлекеттік емес ұйымдар экологияны, экологиялық мәдениетті дамытуға үлестерін қосып жүр, алайда олар мемлекет тарапынан берілетін грантка (сыйақы) тікелей тәуелді, сәйкесінше олар көп жағдайда қысқа мерзімді жоспарларын таныстырып, пилотты бағдарлама ретінде іске қосылады.

Зерттеу жұмысымыздың ең алғашқы анықтаушы кезеңі жүргізілді.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу мақсаты: Мектеп оқушыларының экологиялық білім деңгейін анықтау

Зерттеу нысаны: 5 сынып оқушылары

Зерттеу Алматы қаласы, Наурызбай ауданына қарасты №182 орта мектепте жүзеге асты. Оқушылардың қоршаған ортамен қарым қатынасын анықтау үшін О.В. Пелаусеваның «Табиғат құндылығы» атты әдістемесі қолданылды. Ал С.В. Жданов «Мен және қоршаған орта» деген әдістемесі бойынша қоршаған ортаға деген эмоционалды қарым-қатынасын анықтадық. Жалпы 25 оқушы қатысты. Әдістемелік арқылы жүргізілген жұмыстар зерттеліп жатқан мәселенің нақты сипатын бере алмауы мүмкін, себебі қатысушылар саны аз. Тест жұмыстарында адамның қоршаған ортамен байланысы, экологиялық апатты болдырмау үшін не істеу керек деген т.б сұрақтар арқылы оқушының экологиялық деңгейі анықталады.

1.О.В. Пелоусеваның «Табиғат құндылығы» әдістемесінің мақсаты: Оқушының қоршаған ортамен қарым қатынасын анықтау. Сонымен қатар табиғат құндылығын түсінетін оқушы бойында адамгершілік қасиеттер қандай деңгейде екендігін анықтауға көмектеседі.

Бұл әдістеме 7 сұрақтан тұрады. Оқушылар ойланбай, өздері жауап беру қажет. Қоршаған ортадағы адамның рөлі, табиғатты қорғау адам міндеті болып табылады ма? сынды сұрақтардан тұрады. Оқушылардың жауабы бағаланады. Оқушылардың жауабы 3 топқа бөлінеді. 1 топ – табиғат құндылығын түсінеді; 2-топ жауап беруге қиналады; 3-топ табиғат құндылығын түсінбейді.

2. С.В. Жданов «Мен және қоршаған орта»

Бұл әдістеменің мақасты: оқушының қоршаған ортаға деген эмоционалды қарым – қатынасын анықтау. Бұл әдістеме адамның қоршаған ортаға деген теріс іс-әрекеттерін қалай бағалайды деген сұраққа жауап береді. Әдістемеді, адамдар қоршаған ортаға зиянын тигізіп жатса сізде қандай сезімдер туындайды? Танысыңыз қоршаған ортаға зиянын тигізіп жатса сіз оны тоқтата аласыз ба? және т.б сұрақтарды қамтиды. Әдістемеді 20 сұрақ қамтылған. Әр оқушы жеке өзі ойланбай жауап беру қажет.

Зерттеу нәтижелері.

1.О.В. Полосуеваның «Табиғат құндылығы» әдістемесі бойынша сұрақ жауап нәтижесі 1- кестеде берілген. Алынған нәтижелер бойынша оқушылардың табиғат құндылықтарын түсінудің пайыздық қатынасын шығарамыз.

Кесте 1– О.В. Полосуеваның «Табиғат құндылығы» әдістемесі бойынша жүргізілген диагностика нәтижелері

Оқушылардың табиғат құндылықтарын түсіну дәрежесі	Оқушылар саны	%
Жоғары	5	20 %
Орташа	8	32%
Төмен	12	48%

Жоғарыдағы кестеге сәйкес оқушылардың 20% (5 оқушы) табиғат құндылықтарын түсінуде жоғарғы деңгейге ие. 32% (8 оқушы) табиғат құндылықтарын түсінуде орташа деңгейді көрсетсе, ал 48% (12 оқушы) төмен деңгейді көрсетті.

Жоғары деңгей – оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттер қалыптасып, табиғатқа жанашырлықпен қарап табиғат құндылықтарын түсінгендерін көрсетеді.

Орта деңгей – оқушылар табиғат құндылықтарына, орын алып жатқан проблемаларға бейтарап қарап, жеткілікті дәрежеде экологиялық білімінің қалыптаспағандығын көрсетеді

Төмен деңгей – оқушы бойында негізгі адамгершілік құндылықтар қалыптаспаған және табиғат құндылықтарын мүлдем түсінбейді, түсінуге әрекет жасамайтындығын көрсетеді.

2. С.В. Жданов «Мен және қоршаған орта» әдістемесі бойынша оқушылардың жауаптары 3 топқа бөлінеді. Жоғары, орта, төмен деңгей. нәтижесі 2 – кестеде берілген. Алынған нәтижелер бойынша оқушылардың табиғат құндылықтарын түсінудің пайыздық қатынасын шығарамыз.

Кесте 2 – С.В. Жданов «Мен және қоршаған орта» әдістемесі бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері

Оқушылардың құндылықтарын дәрежесі	табиғат түсіну	Оқушылар саны	%
Жоғары		8	32 %
Орташа		6	24%
Төмен		11	44%


Кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша қоршаған ортаға деген эмоционалды қарым-қатынасының жоғары деңгейі оқушылардың экологиялық проблемаларға алаңдаушылық танытып, кез-келген адам тарапынан қоршаған ортаға тиетін зардаптармен күресу жолында жүргенін көрсетеді.

Қоршаған ортаға деген қарым-қатынастың орташа деңгейі оқушылардың өз еркінен тыс қоршаған орта проблемаларына араласу, яғни тек мұғалім немесе жасы үлкен адамдардың мәжбүрлеуі арқылы ғана белсенді оқушының кейіпін көрсетеді.

Қоршаған ортаға деген қарым-қатынастың төмен деңгейі оқушылардың орын алып жатқан экологиялық проблемаларды шешуге, қоршаған ортаны сақтауға мүлдем араласпайтындығын көрсетеді.

Зерттеуге 25 оқушы қатысты, барлығы берілген тапсырманы толық орындап шықты. Әдістемелер бойынша алынған тест жұмыстарының негізгі мақсаты 5 сынып оқушыларының экологиялық білім деңгейін, қоршаған ортаға деген қарым қатынасын анықтау. Тест жұмыстарының қорытындысы бойынша оқушылардың 24% адам табиғатты қорғау шараларына белсене қатысу керек деген пікірмен қосылады, ал 44% бұл пікірмен келіспейді. Жүргізілген жұмыстың қорытындысын 1-суреттен көре аламыз.

Оқушылардың жалпы қоршаған ортаға деген қарым қатынасы, білім деңгейі



Сурет 1. Оқушылардың жалпы қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы, білім деңгейі

Нәтижелерін талқылау. Әдістемелер арқылы жүргізілген диагностикалық зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде оқушылардың экологиялық білімі мен мәдениет деңгейі анықталды.

Жоғары деңгей – әр ісіне жауапкершілікпен қарайтын, экологиялық іс шараларға белсене қатысатын, табиғатты қорғап, адам мен қоршаған орта тығыз байланыста екенін ұғына алатын оқушы.

Орташа деңгей – табиғатта болып жатқан өзгерістерге бей-жай қарап, экологиялық білімі жеткіліксіз, экологиялық шараларға мәжбүрлікпен қатысатын оқушы.

Төмен деңгей – табиғатта өз-өзін ұстай алмайтын, экологиялық білім деңгейі төмен, қоршаған орта заңдарын танып білуге ешқандай құлқы жоқ оқушы.

Оқушылардың экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастыру табиғатты қорғауды дамытуға бағытталған педагогикалық процесс болып табылады. Бұл процесс оқушының экология жөнінде ойын дұрыс бағытта қалыптастыруға, түрлі мотивация тудыруда көмектеседі. Бұл процесте ең маңыздысы оқушылардың қызығушылығын ояту болып табылады. Мысалы түрлі экологиялық жобалар ұйымдастырып, оқушыларды қатыстыру, сыныптар арасында экологиялық жарыс ұйымдастыру, оқушының қызығушылығын оятуға жақсы әсер етеді.

Қорытынды. Климаттық өзгерістер, экологияның қазіргі жағдайы, қоршаған ортадағы улы және қайта өңделмейтін заттардың түсуі және соның салдарынан атмосфераның өзгеруі, осы сияқты мәселелер біздің қоғамымызды ойландыратын негізгі проблемалар болуы тиіс. Экологиялық білім беру процесіне немқұрайлық танытуға болмайды, себебі қазіргі сәттен дабыл қағып адам санасын экологиялық проблемалар туралы ойын өзгертуге ат салыспасақ, келешекте тым кеш болуы мүмкін.

Ойын технологиясы оқу процесіне өзгеше көзқарасқа, сондай-ақ жаңаша идеялармен алмасуда айтарлықтай артықшылыққа ие. Педагогикалық ойында шешілетін проблемалар бір пәннің шекарасында қала алмайды, өйткені олар проблемаға жан-жақты, көзқарасты қамтып жаһандық тұрғыдан ойлау процестерін дамытады. Педагогикалық ойын өзін-өзі бақылауға негізделген, мұғалімнің тікелей нұсқауларын талап етпейді. Кері байланыстың әртүрлі әдістерінің көмегімен оқушыларға өздерінің жетістіктерін немесе олар жұмыс істейтін топтың жетістіктерін бақылауға мүмкіндік береді.

Экологиялық білімнің басты мақсаты – оқушының табиғи байланыстар арқылы үйлесімді және жан-жақты дамуы және кез-келген адамның табиғатпен келісімін сақтау негізгі принциптеріне жатады [13].

Зерттеу барысында О.В Полосуева «Табиғат құндылығы» және С.В. Жданов «Мен және қоршаған орта» әдістемелері бойынша жүргізілді. Екі әдістеме бойынша соңында 5 сынып оқушыларынан тест жұмыстары алынды. 25 оқушы қатысып 24% жоғары, 32% орташа және 44% төмен экологиялық білім деңгейін көрсетті. Жүргізілген зерттеу жұмыстарымыз бойынша экологиялық білімді бала кезден санаға құю қажет деген тұжырымдама жасадық.

Экологиялық білім - білім берудің жеке дара бір түріне айналуы тиіс. Мектеп оқушылары қораған орта мен табиғатқа көз қарасы деген көз қарасы өзеріп, әр оқушы бойында жауапкершілік сезімін қалыптастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Серикбаев С.Б., Ермекова С.О *некоторых проблемах переработки мусора в Казахстане //Тенденции инновационного развития науки и практики. – 2017. – 150-152 с.*
2. Иванов О.В., Мельник Л.Г., Шепеленко А.Н. *В борьбе с драконом Когай. – М.: Издательство Мысль, 2009. – 49 с.*
3. Акимова Т.А., Кузьмин А.П., Хаскин В.В. *Экология. Природа – человек– техника: учебник для вузов //М.: Юнити Дана. – 2001. – 183 с.*
4. Шишкина А.А., *Основные виды современной экологической этики: антропоцентризм и биоцентризм //Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. № 6.– 2014.– 202-204 с.*
5. Крайнов А.Л. *Биоцентризм как модель экологического развития общества: социально-философский анализ //Известия Саратовского университета. № 2. – 2020. – 129-133 с.*
6. Гостева С.Р. *Экологическое образование //Евразийское Научное Объединение. № 6. – 2020. – 433-434 с.*
7. Гирусов Э.В. *Экологическая культура как высшая форма гуманизма //Философия и общество. № 4. – 2009. – 74-92 с.*
8. Huong D. T., Huong N. T. T. *Ecological culture and educational issue of ecological culture: motivation for the human development //American Journal of Educational Research, Newark. №. 6. – 2018. – 694-702 p.*
9. Сейтжанова Р.А. *Экологическое образование как средство формирования экологической культуры личности студентов.//Вестник Казахского национального женского педагогического университета. №1. – 2018. – 13-18 с.*
10. Ахметов Н.К., Хайдаров Ж.С. *Игра как средство активизации учебного процесса // Педагогика. №3. – 2006. – 22 с.*
11. Пассов Е. И. *Как создать эффективную систему образования? //Преподаватель XXI век. № 4. – 2018. – 9-22 с.*
12. Блинников В.И. *Экологическое образование будущих учителей: экоцентрический подход //М. – Орел. – 2002. – 105 с.*
13. Patuk D.K., Olgan R. *Comparing Predictors of Teachers' Education for Sustainable Development Practices among Eco and Non-Eco Preschools //Education & Science/Egitim ve Bilim. №. 203. – 2020. – 33-39 p.*

References:

1. Serikbayev S.B., Ermekova S. *On some problems of garbage processing in Kazakhstan // Trends in innovative development of science and practice. – 2017. – 150-152 p.*
2. Ivanov O.V., Melnik L.G., Shepelenko A.N. *In the fight against the dragon Kogai. – M.: Publishing House Thought, 2009. – 49 p.*
3. Akimova T.A., Kuzmin A.P., Haskin V.V. *Ecology. Nature – human – technology: textbook for universities //M.: Unity Dana. – 2001. – 183 p.*
4. Shishkina A.A. et al. *Basic types of modern ecological ethics: anthropocentrism and*

biocentrism //Historical, philosophical, political and legal sciences, culturology and art. Problems of theory and practice. № 6. – 2014. – 202-204 p.

5. Kraynov A.L. *Biocentrism as a model of ecological development of society: sociophilosophical analysis // Izvestia Saratov University. № 2. – 2020. – 129-133 p.*

6. Gosteva S.R. *Ecological education //Eurasian Scientific Association. № 6. – 2020. – 433-434 p.*

7. Girusov E.V. *Ecological Culture as the Highest Form of Humanism //Philosophy and Society. № 4. – 2009. – 74-92 p.*

8. Huong D.T., Huong N. T. T. *Ecological culture and educational issue of ecological culture: motivation for the human development //American Journal of Educational Research, Newark. №. 6. – 2018. – 694 -702 p.*

9. Seytzhanova R.A. *Ecological education as a means of forming the ecological culture of the personality of students.//Vestnik of the Kazakh National Women's Pedagogical University. № 1. – 2018. – 13-18 p.*

10. Akhmetov N.K., Haidarov J.S. *Game as a means of enhancing the learning process // Pedagogy. № 3. – 2006. – 22 p.*

11. Passov E.I. *How to create an effective system of education? //Teacher XXI century. № 4. – 2018. – 9 -22 p.*

12. Blinnikov V.I. *Ecological education of future teachers: ecocentric approach //M. – Orel. – 2002. – 105 p.*

13. Pamuk D.K., Olgan R. *Comparing Predictors of Teachers' Education for Sustainable Development Practices among Eco and Non – Eco Preschools //Education & Science/Egitim ve Bilim. № 203. – 2020. – 33-39 p.*

ӘОЖ: 37.01

ҒТАМР: 14.25.19

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2022.74.4.008>

М.Б. Аманбаева,¹ А.Т. Шалабай,¹ Сәруарова М.М.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БИОЛОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖОБАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Жобалық қызмет негізінде экологиялық білім беруді қалыптастыру және дамыту мәселесін шешудің тиімді жолдарын табу қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі. Алайда қоғамның өмір сүру ортасына экологиялық көзқарасты қалыптастыру қажеттілігі мен білім беру жүйесінде жобалық қызметтің болмауы немесе жеткіліксіз дамуы арасында қайшылық бар. Сонымен қатар білім беру жүйесінің жаңа моделіне көшу қазіргі уақытта экологиялық білім берудің жобалық моделі шеңберінде педагогтардың қызметке дайындығы болмаған кезде жүзеге асырыла бастады. Сондықтан биолог мамандарды даярлауда экологиялық білім беруді қалыптастыру екі үлкен блокты қамтуы қажет – мұғалім ретінде кәсіби дайындық және экологиялық мәдени адам ретінде жеке дайындық. Осылайша бұл тақырыптың өзектілігі анықталады. Осы мақаланың мақсаты биолог мамандарды даярлауда экологиялық білім беруді жобалық іс-әрекет негізінде қалыптастыруды зерттеу. Мақала нысаны – экологиялық білім беруде жобалық іс-әрекетті қолдану процесі мен шарттары. Биолог мамандардың экологиялық білімінің тиімділігін арттыру мақсатына жету үшін негізінен